

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ

1. Қазіргі заманғы педагогикалық технология пәнінің объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. "Білім беру технологиялары", "педагогикалық технология" терминімен қатар "оқыту технологиялары" термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқушының, үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар.

“Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады”, – деп С.Әбенбаев айта келіп, оның құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді :

- оқытудың мақсаты;
- білім берудің мазмұны;
- педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру;
- оқушы, оқытушы;
- әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

## **Педагогикалық технологияның міндеттері:**

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Б.Қуанбаева өзінің зерттеуінде әдістемелік жүйені технологиялық негізде жетілдіруді төмендегідей дидактикалық талаптарының орындалу негізін белгілейді:

а) оқытудың мақсаты диагностикалық операцияларды анықтаулы тиіс, яғни иерархиялық тізбек түрінде берілген мақсаттар таксономиясы құрылуы қажет;

ә) білім мазмұны мақсаттар таксономиясына сәйкес анықталып, оны анықтау принциптері ізгілендіру тұрғысында қайта қаралуы қажет;

б) оқытудың белсенді әдістерін басым түрде пайдаланып, оқыту әдістерінің басты аспектілерін ескерілген үш деңгейлі моделі құрылып, кеңінен пайдалануы қажет;

в) оқытудың формасы оқушының жеке даму траекториясын, сондай-ақ педагогикалық жағдаяттарға сәйкес жеке, жұптық және топтық формалардың тиімді үйлесуін қамтамасыз ететіндей түрде жетілдіруі тиіс;

г) оқыту құралдарын жетілдіру компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды олардың дидактикалық мүмкіндіктері нақты анықталып, дәстүрлі құралдармен үйлесімді бірге пайдалануға бағытталуы қажет


Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Сондай-ақ әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе - оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

## 2. “Педагогикалық технология” ұғымына жалпы түсінік



Қазіргі кезде Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесі, технологиясы қиын жағдайды бастан кешіп отыр. Бұған мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени факторлар әсерін тигізеді. Мектепті бұл тоқыраудан шығарудың жолы сол халықтың өмір сүру жағдайын сапалы, жаңа биікке көтеру деген сөз. Сонымен қатар мектептің және білім беру жүйесінің аса үлкен жалпы әлемдік сипатта болуы.

«Технология» гректің өнер, шеберлік, кез-келген қызметте затқа ықпал ету іскерлігі, бұнда техника белгіленген мақсатқа тез жетуде көмектесетін жолдар, тәсілдер мен амалдар ұғымынан шығып отыр. Осыдан, технология өндірістік үрдістерінің нақты логикасы, берілген параметрдегі бір нәрсенің өнімдерін жасауды қаматамасыз ету. Технология өндірістік үрдіс ретінде өзара байланысқан элементтер жүйесінен тұрады: мақсат — мазмұны — амал және іс-қимыл — нәтиже. Барлық үрдістік компоненттердің жиынтығы, оның қатал логикалық жүйелігі берілген параметрлердің қажет өнімдерін шығаруға қаншалықты кепіл береді. Технологиялық үрдістерді шешуде релевантты мақсатымызға сәйкес технология деген, физикалық, химиялық, механикалық, биологиялық заңдылықтарды зерттеп экономикалық жағынан пайдалы өндірістік үрдістердің анықтау мен ең тиімді пайдалану үшін жасалған ғылым да бар, яғни шикізатқа, материалға немесе жартылай өңделген өнімдерге ықпал жасайтын, өндірістің құралдарына сай ғылым.

Қазіргі кезде «технология» ұғымы былай түсіндіріледі. Ол максатқа сай қызметті реттеу мен ұйымдастыру операциялары мен құралдарының жиынтығы: 1) объектіні өзгерту үрдісінің логикасына сай; 2) бірізділікті белгілеу; 3) кеңістік-уақыт аралығына сәйкестік; 4) берілген техника негізінде. Технология қызметті алгоритмдейтіндіктен болған сон, ол бірдей есептерді шығару үшін көп пайдалануға болады. Ол функционалды, өйткені:

- үрдістің барысын керек орнына бағыттап, реттейді;
- қызметті (іс-әрекетті) ереже, норма, стандартқа, шартқа сәйкес бақылайды;
- жағдайға сәйкес берілген нәтиженің (өнімнің) көрсеткіштеріне кепілдік жасайды;
- іс-әрекет үрдісінің ұтымдылығын қамтамасыз етеді. Сонымен, технология — тәртіпті, ережені, норманы, операциялар тізбегі, тыйым, жүзеге асыру кезеңдерін болжайды. Жоғарғы білім, мәдениет және бос уақыт технологиясын қазіргі қоғамда, әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ адамдардың өзара іс-әрекет жасауы мен қарым-қатынасын, адамгершілік-этикалық мәселелерін шешуге ықпал жасайды. Кез келген әлеуметтік іс-әрекет технологиялауға болады.

Сонымен бірге технологиялық емес іс-әрекет бар, ол энтропиялық сипатта болады:

- басқарылмайтын актілер мен операциялардан тұратын аффектілік жағдайдың нәтижесі ретінде іс-қимылдар; техниканы қолданбай немесе аяққы өнімді құрудағы интенционалды емес қызмет.



Тар мағынада технологияны әлеуметтік тәжірибенің әртүрлі жақтарының жекелеген қандайда бір өндіріске, ғылыми зерттеулерге, білімге, оқытуға т.б. аспектілерінде қолданады. Бұл ұғым шығармашылық қызметтің белгілі сферасындағы сол бөлшекті ережеге сай бағындыру.

Білім беру аясында «технология» ұғымы көп уақыт бойы қолданылмай келді, өйткені шығармашылық және психологиялық үрдістердің оқыту мен тәрбиелеу ретінде түсіндірілуге рұқсат етілмейді деп есептелді. Бірақ Т.С. Назарованың айтуынша, С.Т. Шатский, А.А.Ухтомский, И.П.Павлов, В.М.Бехтерев рефлексология бойынша педагогикалық зерттеулерінде алғашқы рет 20 жылдары атап өтілді. Сонымен бірге «педагогикалық техника» ұғымы қолданып, ол оқу сабақтарын ұйымдастыруда тиімді және анық бағытта құралдар мен тәсілдердің жиынтығы ретінде түсіндірілді. Сондай-ақ педагогикалық технологияға көрнекілік құралдарды қолдану, оқу және лабораториялық құралдарды жасау іскерлігі жатады. Интеллектуалдық қабілетті дамыту немесе құндылық бағытты қалыптастыру технологиясын жасау әрекеттер катты мінге және дәлелсіз сынға тірелетін. Оқыту мен тәрбиелеудегі технологиялық көзқарас танымдық және басқа үрдістер мен қасиеттердің вульгаризациялау деп есептелді, яғни бір саты төмен, адамды машинамен теңестіруге әкелді.

Педагогикада «технология» ұғымын қолдануда ресми педагогикалық шеңберден қарсылық болған. Ең алғашқы рет «педагогикалық технология» ұғымы АҚШ-да енгізілді және ол әртүрлі семантикалық түрлері бар: а) педагогикалық тәжірибеде психология жетістіктерін қолдану (Б.Ф.Скиннер); ә) бағдарламалық тәсілді жүйе түрінде қолдану, білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру мен бағалау; б) оқытудың ең тиімді жолдарын анықтайтын жалпы дидактиканың бөлімі (Ч. Куписевич, Ф. Янушкевич); в) оқу үрдісінің негізгі элементтерінің өзара іс-әрекет жүйесі (Н.Н. Орлов, Г.Л. Таукач, В.К. Лисовиченко); г) оқу қызметін ұйымдастыру тәсілдері, құралдары және әдістерін қолдану теориясы, яғни қолданбалы дидактика (М.Ж. Арстанов, Ж.С. Хайдаров). Сонымен, «педагогикалық технология» ұғымын әр зерртеуші әр қалай түсінеді. Ол оның эволюцияда болған әртүрлі өзгерістерге байланысты. В.И.Боголюбовтың пікірінше, терминнің өзгеруіне — «білімдегі технологиядан» «білімнің технологиясына» қарай, содан соң «педагогикалық технологияға» кешу — оның мазмұнына өзгеруі сәйкес. Осыдан, оқыту технологиясы деп алғашқы уақыттарда оқу-тәрбие үрдісінде техникалық құралдарды, сонымен қатар бағдарламалық оқытуды пайдалану деп танитын. Бұл «педагогикалық технология» деген ұғымын қарастырудағы бір аспектісі.

### 3. “Педагогикалық технология” ұғымына ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН БЕРІЛГЕН АНЫҚТАМАЛАР

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген 1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді.

«Педагогикалық технология дегеніміз — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер — оның бөлігі ғана» — деп көрсеткен В. Беспалько.

Технология — қандай да болсын істе, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы;

Технология — бұл өнер, шеберлік, ептілік, өңдеу тәсілдерінің жиынтығы, қалыпты өзгерту;

Педагогикалық технология — оқу процесін іске асырудың мағыналы технологиясы;

Педагогикалық технология—оқытудың жоспарлы нәтижесі, процесін суреттеу және педагогикалық технология—педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдердің жүйелі жиынтығы мен ретінде жұмыс істеу.

Педагогикалық технологияның мәні тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі деп көрсетеді. «Инновация» ұғымы ең бірінші ХІХ ғасырда мәдениет танушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бірі мәдениет түрлерін, екіншісі «ел мәдениетіне енгізу» дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

A decorative rectangular frame with a gold beaded border. The background of the frame is a vibrant pink. The frame is surrounded by a collage of pink and purple flowers, including orchids and lilies, some with water droplets on their petals. The text is centered within the pink area of the frame.

Назарларыңызға  
рахмет